

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ СПАНДИЯР КӨБЕЕВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
110000 Қостанай қ. 7 шағынаудан 25/2
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64
БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
ИМЕНИ СПАНДИЯРА КӨБЕЕВА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
КОСТАНАЯ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
110000 г.Костанай 7 микрорайон 25/2
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64
ПРИКАЗ

2026 жылы 23 қаңтар

Бұйрық № 59-н/к

**Оқыту процесін қашықтықтан
форматқа көшіру туралы**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығын «Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» басшылыққа ала отырып, (бұдан әрі-Талаптар) Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 18.01.2016 жылғы № 42 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру ұйымдарында ауа райының қолайсыз жағдайларында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен өзгертулер еңгізген, аталған бұйрықтар негізінде және 2025-2026 оқу жылында білім алушылардың қыста қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылдың 23 қаңтар күні ауа-райының қолайсыздығына байланысты МДС топтарының, 1-11 сынып оқушылардың сабақтары қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылсын.
2. Білім беру бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асыру мақсатында:
 - пән мұғалімдері сабақтарын кестеге сәйкес қашықтықтан форматта өткізсін;
 - қолайсыз ауа райы жағдайларына байланысты шектеу іс-шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсыныстар басшылыққа алынсын;
 - сынып жетекшілері оқушылардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) назарына қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы ақпаратты жеткізсін.
3. Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасарлары Алтай Қ.Т., Аблайханова А.К. оқушылардың қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруына бақылауды қамтамасыз етсін.
4. Мектептің қызметі бекітілген жұмыс уақытына сәйкес жүргізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Жакия М.М.